

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылы 19 мамырда N 768 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті төрағасының "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті төрағасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 01 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 7 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2111. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің 2007 жылғы 25 шілдедегі N 84 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің 2007 жылғы 25 шілдедегі N 84 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын.

5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті төрағасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 01 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті төрағасының 1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2111 нөмірімен тіркелген)

б ұ й р ы ғ ы

2. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Т і р к е у қ ы з м е т і к о м и т е т і

Т ө р а ғ а с ы н ы ң м . а .

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті төрағасының "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66 бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті

төрағасының 1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66 бұйрығымен бекітілген Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу ережесінде (бұдан әрі - Ереже):

Ереженің 7-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар мен өкілдіктердің) саяси партия мүшелерінің қажетті саны бар екендігін растайтын құжаттарын беруді талап етуге немесе оларға қол жеткізуге тіркеуші органдардың құқығы бар.

Заңды тұлғаларды тіркеу немесе қайта тіркеу үшін ұсынылатын құжаттарды тексеру кезінде тіркеуші орган орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен, соның ішінде құқық қорғау және бақылаушы органдармен, сондай-ақ лауазымды тұлғалармен де өзара іс-қимыл жасайды.";

Ереженің 1 Қосымшасының 10-тармағындағы Ескертпенің 1-тармағының 3-абзацы алып тасталсын;

Ереженің 1 Қосымшасының 10-тармағындағы Ескертпенің 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"партия мүшесінің әрқайсысының тегін, атын, әкесінің атын, туған айы мен жылын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін, тұрған жерінің мекен-жайын көрсете отырып, барлық облыстардағы, республикалық мәні бар қаладағы және елордадағы әрбір құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдармен өкілдіктерінің) кемінде жеті жүз мүшесі бар, құрамында кемінде елу мың партия мүшесі бар партия мүшелерінің тізімі."

2. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға